



*Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 - 2025 оқу жылына арналған
Қазақ тілі қазақ тіліндегі топтарда
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары (3 жас)*

Қыркүйек айы. 2024 ж			
Міндеті	Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру. Берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру. Тақпақ жаттау.		
ҮІӨ	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі
Қазақ тілі	Менің балабақшам.	Балабақша және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру. Балабақша қызметкерлердің еңбегіне құрметпен карауға тәрбиелеу	02.09.2024
	Тазалық-таза баланың досы.	Тазалық бұйымдарымен таныстыру; сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету, балаларды таза жүруге үйрету, балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.	09.09.2024
	Менің сүйікті ойыншығым	Балаларға ойыншықтар туралы және олардың пішіндері, түстері туралы түсінік беру. Ойыншықтардың неден жасалғанын айта отырып, аттарын дұрыс атай білуге үйрету.	16.09.2024
	Жиһаздар	Жиһаздар туралы алған білімдерін толықтыру. Дидактикалық ойын ойнату арқылы зейіндерін, логикалық ойларын дамыту. Тұрмыстық заттарды ұқыпты ұстауға баулу.	23.09.2024 30.09.2024